

"Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 мамырдағы N 466 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ "Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының
Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

1-бап. "Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 18 -күжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия - Қазақстан Республикасының Президенті құратын уақытша арнайы мемлекеттік басқару органы.";

2) 11-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен жергілікті жердің комендатурасымен қатар, осы Заңның 7-бабына сәйкес өз қызметін тоқтататын төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Мемлекеттік комиссия) құрылуы мүмкін.";

3) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

1. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жою жөнінде шаралар ә з і р л е у ;

2) төтенше жағдай енгізілген аумақтың қызметін басқару мен қамтамасыз ету

жөнінде жедел іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

3) төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларды уақытша тұруға арналған тұрғын үй-жайға орналастыруды, оларға қажетті көмек көрсетуді ұйымдастыру;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ жергілікті жерлердің комендатураларының төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі қызметін үйлестіру;

5) төтенше жағдай кезеңінде жүргізілетін іс-шаралардың орындалуын бақылау.

2. Мемлекеттік комиссия алдына қойылған міндеттерді орындау үшін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердің комендатураларының, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі іс-әрекеттерін үйлестіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

2) Мемлекеттік комиссияға жүктелген міндеттерді орындау мәселелері бойынша орталық, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары мен төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің коменданттарын тыңдайды;

3) орталық және жергілікті атқарушы органдарда, меншік нысанына қарамастан, ұйымдарда олардың қызметі туралы Мемлекеттік комиссияның жұмысына қажетті ақпаратқа сұрау салады;

4) төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің комендатураларының, орталық және жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі іс-шараларды орындауын бақылайды;

5) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың мамандарын талдамалық, сараптау және төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жою мәселелерін шешу үшін қажетті басқа да жұмыстарды орындауға тартады;

6) осы Заңның 15, 16-баптарында көрсетілген қосымша шаралар мен уақытша шектеулерді енгізудің тиімділігін қарайды. Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлар толық немесе ішінара жойылған кезде Қазақстан Республикасының Президентіне қосымша шараларды, уақытша шектеулерді немесе төтенше жағдайды толық немесе ішінара жою туралы ұсыныс дайындайды.";

4) мынадай мазмұндағы 12-1-баппен толықтырылсын:

"12-1-бап. Мемлекеттік комиссияның қызметін ұйымдастыру

1. Мемлекеттік комиссия орталық, жергілікті атқарушы органдардың өкілдерінен және төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің коменданттарынан құрылады. Мемлекеттік комиссияның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді әрі ол төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларға байланысты болады. Мемлекеттік комиссия төрағадан, мүшелерден және хатшыдан тұрады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК